

Ербол Қошақанов



**Әулет атасы**

**Ербол Қошақанов**

# **Әулет атасы**



Атырау - 2012

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84.Қаз 7-4**  
**Қ 69**

**ISBN 978-601-7183-51-6**

Бұл кітапта Ұлы Отан соғысының ардагері, бұрғылау саласының дамуына зор үлес қосқан бұрғышы, Еңбек ардагері Әйтен Әбіләлиев туралы естеліктер мен ұрпақтары хақындағы шежіре деректері топтастырылған.

**Кітап қалың оқырманға арналған.**

**ISBN 78-601-7183-51-6**

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84.Қаз 7-4**





**Әбіләлиев Әйтен – Әбіләлиева Күлсін**

*Ата – әжеме алғысымды арнаймын,  
Білім алып қатарымнан қалмаймын.  
Он жыл өткен жан атамды еске алып,  
Сіздер жүрген жолды менде жалғаймын.*

**Бауыржан Әйтенов Есенжанұлы  
немересі**

## БОЗ ДАЛАҒА ТЕРЕҢ БҰРҒЫ БОЙЛАТҚАН ЕР

Атадан қалған асыл нұрлы сынық,  
Ақылы көкіректе туды тұнып.  
Азабы алты атанға жүк боларлық,  
Арқалап кәсіпті алды бұрғышылық!  
Жүрегі кең даламен егіз де еді,  
Құмында жатқан сайрап ер іздері.  
Жеті қат жер астының сырын тыңдап,  
Тынымсыз тың жерлерден кен іздеді.

Әйтен ақсақал туралы әңгіме қозғамас бұрын алдымен ойыма осындай жыр шумақтары орала берді. Сонау қасиетті Қызылқоға топырағынан тамыр жайған Ботабай ерден тараған алып бәйтеректің бір тармағы Әбіләлі әулетінің ардақты азаматы туралы қандай жақсы сөз айтсақ та жарасады. Әрине, белгілі бір адам туралы сыр шертпес бұрын оның өмір сүрген дәуірі мен соған сай қалыптасқан ортасы, адамдардың бетбейнесі көз алдына елестері анық.

1919 жылы дүние есігін ашқан бала Әйтеннің балдәурен шағы коллективтендіру науқанымен, одан кейінгі голощекиндік қолдан жасалған ашаршылықпен тұспа тұс келгендігі белгілі. Соған қарап-ақ, яғни, Әйтекеңнің өмір-кітабының алғашқы парақтарын ақтарып отырып-ақ оның бірінші тарауының өзінің қаншалықты трагедияға толы екендігін сезініп, көз жеткізуге болады. Аштықтан ішегі бұратылған қаншама бала қырылып, аман қалғаны жетімдер үйіне тоғытылып, қазақ даласында бұрынсонды болып көрмеген нәубет орнады. Мұның барлығын бала Әйтен «көрген жоқ» деймісіз. Әрине, талай мәрте бастан кешкен болар-ау! Сондықтан да ол аштықтың не екендігін жақсы біліп өсті. Оны басынан өткеріп көргендіктен де ол болашақ өмірінде кездескен көп ауыртпалыққа мойымай төзе білді.

Жалын атқан жастық шағы сталиндік репрессияға тап келді. Ұлтымыздың ел қамын жеген ерлерін бір түнде жоқ қылған солақай саясатты, сол заманның сойылын соғып, қарақан басының қамын күйттеген сатқындық пен көз бояушылықты, тоғышарлықты көзбен көре жүріп жетілді бозбала. Осындай қарама-қайшылыққа толы өмір баспалдақтарынан сүрінбей өткен жас жігіттің алды-артын бағамдар алғыр, ақыл таразысына тартып барып істі ілгерілетуді көздейтін парасатты азамат болып қалыптаспасына хақы жоқ-ты. Ал алда күтіп тұрған үлкен сынақ-Ұлы Отан соғысындағы отты жылдарға толы жауынгерлік жорықты жолдары Әйтекеңнің өмір-кітабындағы жаңа дәуір басқа түсірген трагедия мен драмаға толы қиын-қыстау кезең еді. Жалын атқан жас жігітті отқа салып балқытып, соғыс-көрігінде қыздырған, оққа қарсы айдап тікелей төнген тажалдан тайсалмас жау жүрек жауынгерге айналдырған дәуір ұстасы Әйтен Әбіләлиевті өз заманының басты кейіпкерінің біріне айналдырды.

Ол кешегі бейбіт өмірдің де негізгі ролін сомдаған кейіпкері ретінде замандастарының есінде мәңгі қалды. Бас бермес асау арғымақтай жастықтың жалындаған ыстық қайратын тау көтерген Толағайдай Отан қорғау жолындағы қасиетті іске арнаған сарбаз Әйтен Әбіләлиев соғыстан кейінгі жылдары енді бейбіт өмірдің жалынды жауынгері бола білді. Асылы, табылған жер қойнауындағы қара алтынды ұнғымалар арқылы сорып алып, дайын өнімді өндіретін мұнайшыға қарағанда, оны таңның атысы, күннің батысы жеті қат жер астынан тынбай қазып, «жарыққа» шығаратын бұрғышының еселі еңбегі инемен құдық қазғандай. Бірақ, жастайынан ауыртпалық арқасына аяздай батса да қаймықпай өскен Әйтекең қызығынан қиындығы мол осы бұрғышылықты таңдады. Сөйтіп Қызылқоғаның қырмызы қызғалдағындай Күлсінімен отау көтерген орда бұзар отызға таяп қалған жас жігіттің тағдыр талайының басты тарауы дархан далалы Кең Жылой топырағына қарай жол тартты. Отан үшін от кешкен, көкірегін оқ тескен азаматтың сегіз жыл «етігімен су кешкен» жауынгерлік жолы ұлан байтақ өлкеде ши-

рек ғасырдан астам уақытқа созылған бұрғышылық ұзақ жылғы еңбек жорығына ұласты.

Қараарна, Ақнияз, Қарсақ, Жыңғылды мен Сарбұлақ, Мәтенқожа, Үлкентөбе, Биікжал – Әйтен Әбіләлиев пен оның қасында бірге қара терге түсіп жүріп еңбек еткен ерлердің терең ізі қалған алаңдар. Өмірінің басым бөлігін жертөледе өткізіп, тынымсыз тірлік кешсе де бұрғылау ісінің нар көтере алмас ауыртпалығын арқалап жүріп сан асулардан асқан олардың еңбегі еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес болып қосылғандығы анық. Өткен ғасырдың сонау 48-жылдары Геологиялық барлау іздестіру конторында бұрғышының көмекшісі ретінде осы салада басталған соқпақты сара жол Әйтекенді талай биік белестерге көтерді. Алпысыншы жылдары Одаққа мәшһүр болған № 2 Биікжал аса терең барлау-бұрғылау экспедициясы құрылғанда қара алтын іздестіру ісінің майталман маманына айналған Әйтен Әбіләлиев те Биікжал поселкесіне келіп тұрақтады. Боз даланың төсінде боз жусанның иісімен тыныстап, адал маңдай термен қонып ырыс-бақ, тәжірибенің сан тәлімін меңгерген ол мұнда да сыңсыған мұнаралармен мұндасты, жеті қат жер астымен сырласты. Ерен еңбектің екпінімен табысты еселей арттырған өзі секілді еңбеккерлермен бірге елдің әл-ауқатын жақсартуға бар күш-жігерін жұмсасты. Бастапқыда бұрғышының көмекшісі ретінде еңбек еткен ол көп ұзамай басшылық тарапынан сенімге ие болып бұрғышылыққа көтерілді. Еліміздің мұнай өндіру саласына қосқан орасан зор жетістігі үшін бірнеше дүркін Социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, көптеген Құрмет грамоталармен, Алғысхаттармен марапатталды. 30 жылға тарта бір салада еңбек көрігін қыздырған Әйтен ақсақал 1974 жылы Құрметті еңбек демалысына қалып, «Еңбек ардагері» медалін кеудесіне қадады. Есімі аудандық энциклопедияға енгізілді.

Еңбек майданының басты кейіпкері озат бұрғышы ғана емес, ол отбасында алдымен адал жар, асқар таудай әке, ақылшы ұстаз, шаңыраққа сая болған мәуелі бәйтерек. Бауырларының

қамқоршысы да бола білген Әйтен ақсақал ағайын-туманың арқа сүйер нар тұлғалы азаматы. «Бармасаң, келмесең жат боларсың» деген ата-баба өсиетін өресінде тоқып өскен, сол қазақы қағидаға сүйенген ол алыстағы жақын туысты жақындата түскен «алтын көпір». «Адалдың бәрі ағайын» деп Мұхтар Шаханов жырлағандай, жатпен жақындай араласқан бауырмал, досқа адал, бірақ, дұшпанға қатал. Дұшпан деймін-ау, меніңше мұндай кішіпейіл жанның өмірде жек көретін адамы жоқтай боп көрінеді де тұрады! Осындай жомарт жүрек, жампоз жанның артында бір шежіренің тарауына жүк боларлық ұрпақ қалды. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз өз хадисінде: «Некелі тұрмыс құрып, өсіп-өніңдер! Сонда мен қиямет күні басқа үмбеттерімнің алдында сендердің өсіп-өнген ұрпақтарыңды көріп қуанамын», -деген екен. Сол айтпақшы, 54 жыл отасқан жан жары Күлсін апамызбен бірге Әйтен ағамыз мынау жарық дүниеге он төрт ұл-қыз әкеліп, оның он біріне сапалы білім мен саналы тәлім-тәрбие беріп, ұядан қанаттандырды. «Ұятты болса қыз жақсы, Ақылды болса ұл жақсы» деп халық даналығында айтылғандай, олардың барлығы да бір-бір шаңырақ иесі, бір-бір саланың майталман маманы атанды. Бүгінде шалының қара шаңырағында немерелерінен өрбіген шөберенің қызығын көріп отырған Күлсін апайды Игілігінің небары 33 жасында өмірден өтіп кеткендігі қатты өкінішке бөлеп, аналық жүрегін әлі күнге дейін терең мұңға батырады. Тек артында ұрпақ қалғандығына шүкіршілік етіп, солардың амандығын тілеумен келеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, мәуелі бәйтеректен тараған асыл текті тарқатып айтар болсақ, онда Әйтен ақсақалдың үлкен ұлы Едіге Әбіләлиев еліміздің мұнай-газ саласында жемісті еңбек етіп жүр. Дәлірек айтқанда, «Каспийнефть» акционерлік қоғамының Айранкөл кен орнындағы бөлім бастығының орынбасары. Жұбайы Гүлсім Мұхамбетқалиевамен бірге төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы иелері. Едігеден кейін жоғарыда сөз еткен Игілік Әбіләлиев жан жары Ақкенже Қазиевамен 1978 жылы отау құрып, Бақтыбек, Әділбек, Сәлімжан,



Аслима, Жайнагүл есімді перзенттерін өмірге әкелді. Бұл күнде олардың барлығы да бір-бір шаңырақтың тұтқасына айналған азаматтар. Мұның ішінде Асылбек пен Бақтыбек атасы Әйтеннің жолын қуып, бұрғылау ісінің шебері атанғандығы мақтанышпен айтуға тұрарлық. Міне, осындай ұл-қыздарының есейген шағына ғұмыры жетпей, көп қызығына кенеле алмай кеткен Игілік Әйтенұлының тағдыры кім-кімді болса да бей-жай қалдыра алмасы анық. Ал Игіліктің егізі Ермек те сыңары тәріздес еңбек жолын бұрғылау саласында бастап, күні бүгін «Мұнайсервис» ЖШС-де еңбек етіп жүр. Жұбайы Балжан Мұқашева екеуі Нұрайна мен Райымбек атты ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Ал үлкен қызы Ақсүйрік Әбіләлиева Алматы қаласындағы В.И.Ленин атындағы политехникалық институттың «Мұнай» факультетін тәмамдағаннан кейін әке кәсібіне жақын геолог мамандығын меңгеріп, болашаққа жол тартты. Алғашқы еңбек жолын еліміздің мұнай-газ саласында бастаған ол жылдар өте келе тәжірибе жинақтап, қазіргі таңда «Каспийнефть» акционерлік қоғамында геолог болып, еселі еңбек етіп жүр. Дәл осы жоғарғы оқу орнынан Имаш Әбіләлиев те түлеп ұшты. Тек ол Ақсүйріктей жеті қат жер астының «сырласы» емес, керісінше, инженер-механик мамандығын алып шықты. Қазіргі таңда, «Ақберен» Атырау атқылауға қарсы әскерилендірілген бөлімнің филиалында алдын алу жұмыстары жөніндегі жетекші инженері болып еңбек ететін ол үлгілі отағасы да. Өмірлік қосағы Тамара Байбатовамен бірге төрт қыз тәрбиелеп өсірген. Әйтен ақсақалдың балалары арасынан теміржолшының шыққандығын да мақтанышпен айта кеткен абзал. Ол – Есенжан Әбіләлиев. Алматы теміржол институтының «Жол құрылыс» факультетін инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірген нағыз болат жолдың бойының майталман маманы. «Теңізшевройл» ЖШС-не қарасты теміржол торабында нормативтік бөлімнің жетекшісі міндетін мінсіз атқарып келе жатқан азамат отбасында келіншегі Клара Суриевамен үш ұл-қыз тәрбиелеп өсіруде. Ал Алматының энергетикалық институтында жоғары білім алып, инженер-энергетик біліктілігін иеленген Есжан Әбіләлиев болса қарт Ембінің қара шаңырағы саналатын «Жылыоймұнай-газ» мұнай-газ өндіру басқармасында бас эне-

гетик. Келіншегі Нұрбану Әжіғалиевамен төрт перзент сүйіп отыр. Қыздың кенжесі Ақлиманың орны өзгеше. Ол Алматы байланыс техникумын ойдағыдай тәмамдап, аудандық телекоммуникация торабында еңбек жолын бастады. Мұрат Жолдаев есімді азаматпен дәм-тұзы жарасып отау көтерді. Бүгінгі таңда Атырау қаласындағы «Саян» ЖШС-де қызмет ететін оның отбасында Сұлу, Айнұр мен Қуаныш деген ұл-қыздары болашаққа қарап бой түзеп келеді. Басты кейіпкеріміздің ұлдарының ішінде Сәтжан Әйтенұлының шоқтығы өзгелерден биік тұрғандығын баса айтқан абзал. Алматы қаласындағы автомобиль жолдары институтынан инженер - құрылысшы, сондай-ақ, Қазақ көлік қатынастары университетінде де білім алып инженер - экономист мамандықтарын алып шыққан ол бір ғана оқумен шектеліп қана қоймай ғылым жолына да түсті. Сөйтіп, Қазақстан Ғылым академиясы аспирантурасының толық курсы тәмамдап, диссертациялық жұмысын қорғап шықты. Осылайша техника ғылымдарының кандидаты атағын иеленген Сәтжан қазір Астана қаласында тұрады. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация министрлігінің автомобиль жолдары комитеті төрағасының орынбасары лауазымында. Ал отбасылық жағдайына келер болсақ, онда келіншегі Мәдина Әкімханқызы руы Шапырашты, Екей елінен келін боп түскен жетісулық ару. Шаңырағында Әйтенов Рзабек пен Сая есімді «болашақ бұрғышылар» өсіп келеді. Сәтжаннан кейін өмірге келген Мәтжан Әбіләлиев те құр алақан емес. Ол Атырау мұнай-газ институтын ойдағыдай бітіріп, инженер - механик мамандығын меңгеріп шыққан. Бірақ заман ағымының тамырын тап басқан азамат ретінде ол бүгінде жеке кәсіпкерлікпен мықтап шұғылданып жүрген еліміздің келешек «рокфеллерлерінің» бірі. Келіншегі Айгүл Досекенова екеуінің көтерген шаңырағында Бекжан, Мейіржан және Аслан есімді кішкентай Әйтеновтер ержетіп келеді. Ал әкенің қасиетті қара шаңырағына ие болып қалған, сексен екі жастағы анасын алақанға салып, аялап отырған кенже ұлы Иранбек Әбіләлиевтің орны бөлек. Қазіргі таңда аудан аумағындағы іргелі бір мұнай мекемесінде қызмет атқаратын ол жан жары Жұмагүл Тілеуовамен бірге Дархан, Алихан, Абылайхан мен Ғалымжан

атты ұл балаларды дүниеге әкелді. «Балалы үй – базар» дегендей, Әйтен ақсақалдың ұрпағымен кеңейген керегелі үлкен ақ отауы әлі де сәбилердің шаттығына толы.

Көріп отырғанымыздай Әйтен ақсақал мен Күлсін әжейдің ұл-қыздарының барлығы дерлік жоғары білімді. Тіпті, арасында ғылым жолын қуып, қияға қанат сермеген техника ғылымының кандидаты да бар. Демек бұл, «Өсер елдің баласы, әкеден де асып түсер» деген нақылды сөздің растығын тағы да бір дәлелдей түседі. Мұны ата-ананың ұрпағына берген ұлағатты тәрбиесінің ең үлкен жемісі деп түсінуіміз керек. Ендеше зәулім көк тіреген мәуелі бәйтеректің бағы осындай шұғыласын шашқан жеміске тола бергей-ді!

«Құдаларын құдайындай сыйлаған» халық емеспіз бе?! Ендеше Әйтен ақсақалдай әулет атасына айналған абызға осындай жекжат – жұрағаттықпен жақын болып келетін құдалар хақында әңгіме қозғамасақ құдай кешірмес.

Әйтен ақсақалдың үлкен құда – құдағиы Мұхамбетқалиев Тұрыш пен Меңсұлу Едігенің ата – енесі. Бірі 1980 жылы, екіншісі 2000 жылы дүниеден өтсе де Дербіс Қаракемпір руының ішіндегі естен кетпес есіл есімдер ретінде ел жадынан ешқашан да өшпек емес. Ал марқұм Игіліктің қайынжұрты Жауқашты Шеркеш еді. Атасы, яғни Әйтекеңнің құдасы Құсайын Қазиев екі жас қосылмастан бұрын 1970 жылы дүние салып, Үстіртке жерленген екен. Қызы Ақкенженің Игілікпен отау құрып, үйлі - баранды, үбірлі – шүбірлі болғанын анасы Ақтаң көріп кетті. Оның руы Түрікмен Адай еді. 1990 жылы қайтыс болып, сүйегі Ұшқан ата қауымына қойылды. Ал, егізі Ермектің әйелі Балжанның шыққан тегі Шеркештің Қосымы. Әкесі Қали Мұқашев 67 жасында 1977 жылы дүние салып, Жаркен ата қауымына жерленсе, анасы Нұрым Молдағалиқызы 88 жасында 2008 жылы өмірден өтіп, шалының қасынан тиянақ тапты. Әйтен ақсақалдың келесі бір құдасы Төлеп Байбатов Беріштің Қаратоқайы. Жұбайы Ақтүймемен бірге ертеректе 1963 – 1964 жылдары бірінен соң бірі қайтыс болған. Екеуі де Атырау

қаласындағы Ноғайты бейітінде жерленген. Келіні Тамараның ата – анасы. Ал Есенжанның қайынжұрты Қосым Сатыбалды руынан. Құда Елеш Суриев 59 жасында дүние салып, Ембіге жерленсе, құдағиы Мария Ухантеева биылғы 2012 жылы дүние салды. Әйтен ақсақалдың тағы бір құдасы Қабдолла Әжіғалиев ұлы Есжанның қайынатасы, руы Жаппас, Сейітқұл. Қабдекен 2000 жылы Батыс Қазақстан облысының, Шунгай станциясында дүниеден озса, 87 жастағы құдағиы Меңештің руы Байбақты болып келеді. Ал, Әйтекеңнің кенже қызын алып отырған құда – құдағиы Жолдаев Мағзом мен Жәмила. Күйеубаланың руы Тама, Аташал. Құдасы 2002 жылы Атырау қаласында қайтыс болған. Ғылым жолына түскен ұлы Сәтжанның қайынатасы Әкімхан Байбөлеков 2001 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қаракестек ауылында бұл фәниден бақилыққа озды. Руы Шапырашты, Екей. Ал құдағиы Ұлжан Әмірқызының шыққан тегі Дулат, Күнту екен. Ұлы Мәтжан арқылы құда болып келетін тағы бір елі - Шеркештің Қаракемпірі. Бұл - келіні Айгүлдің төркіні. Құдасы Ислам Досекенов 2001 жылы Ембіде дүние салды. Құдағиы Мария Чаева пайғамбар жасынан әлдеқашан асқан, руы Адайдың Жеменейі. Ал әке шаңырағын ұстап отырған кенже ұлы Иранбектің қайынжұрты Адайдың Бәйімбет, Байпағы. Әйтен ақсақалдың құдасы Құбаш Тілеуов 2011 жылы 71 жасында өмірден өтіп, Ақкиізтоғайдың Жыңғылтоғайында жерленді. Құдағиы Қамқа Оралбаеваның шыққан тегі Таздың Орысы болып табылады.

Қазақта «Құда құрдасындай болсын, құдағи сырласындай болсын» деген даналы сөз бар. Сол айтқандай, Әйтен ақсақал жоғарыда аты аталған құда мен құдағиларымен көзі тірісінде құрдасындай сырласып, қуанышта да, қайғыда да бірге болып, «сіз, біз» десіп өтті. Өмірдің мәні де осындай сыйластықта емес пе?!

**ЕРБОЛ ҚОШАҚАНОВ,**  
*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі*

## ӘРҚАШАН ЕСІМЕ АЛЫП ОТЫРАМЫН



Қазақта «Әйел – үйдің көркі, Ер азамат – түздің көркі» деген қанатты сөз бар емес пе?! Дәл осы бір нақыл сөз Әйтемім екеуміз секілді ұзақ жыл отасқан шаңырақ иелеріне қарата айтылғандай. Құдай қосқан қосағыммен 54 жыл бірге тату – тәтті тірлік кешкен екенбіз. Расында да ол түздің адамы еді. Дәлірек айтқанда, еңбек көрігін қыздырып жатқан сайын даланың перзенті еді. Осынау қасиетті Кең Жылой топырағында оның табаны тимеген, маңдай тері тамбаған жер жоқ десем артық айтқандық емес. Мағыналы өткізген бар ғұмыры өндіріс ошағында маңғаз мұнаралардың басында өтті. Сондағы тіршіліктің тамырына қан жүгіртіп жатқан адамдардың, өзі секілді қарапайым еңбеккерлердің тыныс – тіршілігімен біте қайнасып жатты. Сол себепті де мен отағасының жанына жанұялық жылу сыйлайтын бірден бір сүйеніш, өмірлік жан жары ретінде отбасылық ошағының түтінінің түзу түтеуіне бар қажыр – қайратымды жұмсадым.

Мен 1930 жылдары дүниеге келдім. Қызылқоға өңірінің Тасшағыл деген жерінде туып – өсіп, жастай еңбекке араластым. Анам Зібира Алиманова Ыбырайқызы мен әкем Әділғали Алиманов Базарбайұлы «Сталин», «Калинин» колхоздарында еңбек етті. Солардың ізімен ұжымдық шаруашылықта шалғымен пішен шауып, мал бақтым. Ұлы Отан соғысы басталғанда әкем басқа да боздақтармен бірге қан майданға аттанды. Сол кеткеннен әкем елге оралмады, тек неміс фашист басқыншыларына қарсы соғыста Москва маңында қаза тапқандығы туралы хабар алғанбыз.

Соғыс бітіп, ел бейбіт өмірге қайта оралды. Шаруашылықтар қалпына келіп, тіршілік өз арнасына түскенімен арысынан айырылған ауылдың адамдарының жүрегінен қайғысы, жанының

жарасы жазылмаған шақ. Мүгедек болып оралған азаматтарының, әйтеуір, аман – есен келгеніне «тәубе» деп отырған шаңырақтар да бірен - саран. Сондай қиын – қыстау кезенді бастан өткеріп жатқан заманда Әйтен әскерден оралды. Бұл-1947 жыл еді. Әйтен сегіз жыл Совет Армиясы қатарында болып, жауды жеңіп жауынгерлік жалынды жолдан өткен 28 жастағы алпамсадай жігіт ауылдағы талай бойжеткеннің арманына айналғаны сөзсіз. Бірақ көз қырын қадаған қырық қыздың ішінен жалғыз мені өмірлік жары етіп таңдап алуы – Тәңірімнің сыйлаған шексіз бақыты, маңдайыма біткен бақ – жұлдызым деп білдім. Ондай хас батырмен қол ұстасып жердің қай қиырына асып кетсем де даяр едім. Сөйтіп 1948 жылдың мамыр айында біз дәм – тұзымыз жарасып, Тасшағылда отау көтердік.

«Адамның басы – Алланың добы» деген, адам баласы қай қиырға қарай дәм тартса, тағдырдың жазуымен пешенеңе сол жазылады екен. Күйеуім Мұнайлы Мақат өңіріндегі өндіріс орнына жұмысқа орналасқаннан кейін болашақ өмір – өзен арнасының да солай бұрылатындығын ішім сезді. Осылайша жауды жайратып келген батырымның жетегіне еріп, сол жаққа түйе арбамен көшіп бардық. Әйтеннің жұмысы өзгелердей қара алтын өндіру емес, керісінше қиынның қиыны иен даладан мұнай іздеу екен. Сөйтіп Мақат асқан біздер - бұрғышылар бригадасының сапына қосылып алғаш кең байтақ Жылойдың Құмшеті деген жерінен бір – ақ шықтық. Мал бағып, шөп шапқаннан басқа колхозда талай шаруаның басын қайырып үйренген мен сияқты жас келіншекке бейтаныс өлкедегі беймағлұм тірлікке бірден бейімделіп кету оңай болмады. Бір жағынан маған таңсық өмір, қызықты көрінгенімен арқаға батар ауыртпалығы да аз емес – ті. Келе – келе бұған да етім үйренді. Сөйтіп қазіргі Майкөмген мен Биікжалдың аралығында орналасқан Құмшетідегі жас жанұялық өміріміз басталды. Бірақ, онда ұзақ тұрақтай алмадық. Күткендегідей мұнай табылмады ма, бұрғышылар ауылы көктем шыға көшуге дайындалып, ақыры Қарсақ деген жерге қоныс аударды. Бұл – 1950 жылдардың шама-сында болатын – ды. Онда күйеуім Әйтен бұрғышының көмекшісі

ретінде жұмыс жасады. Мен ол уақытта кішкентай қыз балалы болғаным бір жыл толған еді. Қарсаққа көшіп келгеннен кейін тағы да аяғым ауырлап, дүниеге Едіге ұлымыз шырылдап келді. Ол кезде шалымның орда бұзар отыздағы шағы емес пе?! Жас шаңырағына шаттық сыйлап ұл – қыз бірінен соң бірі өмірге келгеннен кейінгі бақытты кезеңнің қасында бұрғылау жұмысының ауырлығы мен тіршіліктің бейнеті деген түк болмай қалды.

Алғашқы кезде ортасын пешпен бөлген жер төледе, кейін қамыстан салынған маты – қора секілді үйлерде тұрдық. Жеті қат жер астынан кен іздеген бұрғышылардың үш бригадасынан құралған шағын ауылмыз. Барлығының да тірлігі өзіміз секілді. Қаншама қиындыққа тап келсек те, ауылдағы қыз – келіншек, қатын – қалашы бар, барлығы тату – тәтті ғұмыр кештік. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» дегендей, бір – бірімізді қамқорлап, ауызбіршілікте өмір сүрдік. Ең бастысы – түздегі ерлеріміздің қас – қабағына қарап, отбасы, ошақ қасының шаруасын құнттап қоюшы едік.

Қарсақ ұзақ тұрақтаған мекендеріміздің бірі болды. Сол жерде төрт жылдан астам тірлік кештік. Осы уақыт аралығында Асанкеткен деген жерде бұрғышы боп еңбек етіп жатқан Абу деген қайын ағам дүние салды. Бар-жоғы 37 жаста еді. Кезінде өзінің осы салаға қызметке орналасуына ұйтқы болған бас көтерер бауыры. Сондықтан Әйтен ағасының отбасын қиын шақта қолдау көрсетіп қасына көшіріп алды. Өйткені ол табиғатынан бауыр-мал, әрі сондай қайырымды азамат болатын-ды. Осы қасиеті аға отбасын далаға тастамай, қасына алып қамқорлауға итермеледі. Осынау жанашырлық сезімі тербеп, әкесінен өрбіген інісі Мұқашты да бұрғылау мекемесіне жұмысқа орналастырды.

1956 жылдары біздің бұрғышылар ауылы қазіргі ескі Қаратонның арғы жағында орналасқан Ақнияз деген жерге қоныс тепкен едік. Онда отбасымызда енем, қайным мен қайыны сіңлім де бірге тұрды қолымызда. Кейін мұнда менің шешем Зібираны

да көшіріп алдық. Осы жерде отырғанда Игілік, Ермек атты егіз ұлдарымды көтердім. Бірақ та шаңырағымызға шаттық сыйлаған Аллаһым сынағын да дайындап тұрады екен. Ақниязда Күләш және Есбол атты қос құлындарым ауырып қайтты.

Көшіп-қонудан көз аспаған бұрғышылардың бұдан кейінгі қоныстары Доссор бағытындағы Жыңғылды, Сарбұлақ, Қызылқоғадағы Мәтенқожа болып, кейін қайтадан Жылойдағы Қараарнаға кері оралдық. Мәтенқожа әулиелі жер еді. Сондықтан да болар, мұнда мұнай болғанымен де бұрғышыларға қаздырмаған көрінеді. Қараарнадан соң 1958 жылғы қызым Ақсүйрік пен 1960 жылғы ұлым Имаш жарық дүние есігін ашқан Жыңғылды мен Үлкентөбе деген жерлерді қоныс қылдық. 1962 жылы қайтадан Есенжан балам өмірге келген Қараарнаға келіп табан тіредік. Одан арада екі жыл өткенде Көктөбе астық. Онда Есжанымды босандым. Ақыры 1964 жылы Биікжалға келіп тұрақтадық. Мұны айтып отырған себебім, халқымыздың қазынасын толтырамыз деп, сол үшін жеті қат жер астынан қара алтын қамбасын іздеп өткен бұрғышы мен оның қасында жанын шүберекке түйіп қыста ақшұнақ аяз бен қарлы боранмен арпалысып, ала жаздай аптап ыстыққа күйіп бар ғұмырын сарп еткізген отбасындағы жас келіншектер мен әйел-аналардың ауыр тірлігін баян ету еді.

Иен далада ежелгі ата-бабаларымыз секілді бар өмірі көшіп-қонумен өткен бұрғышылар отбасысы үшін Биікжалдағы өмір нағыз жұмақпен тең еді. Тұрақты баспана, ақшаңқан үйлер, мектеп, балабақша, тағысын тағы, қысқасы адам өміріне керектінің барлығы да бар. Міне, осында тұрғанда Ақлима, Сәтжан, Мәтжан, Иранбек атты перзенттерім өмірге келді. Қазір, құдайға шүкір, балаларымның барлығы да үлкен азамат болды. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, олар ата-ананың қамқорлығын сезініп өсті. Ғұмырымда 14 құрсақ көтерген екем, оның үшеуі жастай шетінеп, Игілігім ержетіп, отау көтеріп балалы болғаннан кейін 1989 жылы дүниеден озды. Қалған ұл-қыздарымнан немере-шөбере сүйіп отырған бақытты әжемін.



Жалпы, мен өткен өмір жолдарыма өкінбеймін. Құдай қосқан қосағыммен жарты ғасырдан астам бірге бақытты ғұмыр кештік, жапырағымыз жайылған мәуелі бәйтерекке айналдық.

Бұл, әрине, Аллаһ-тағаланың маған берген сыйы деп білемін. Сондықтан Әйтенімнің жарқын бейнесін әрқашан ұмытпай, аруағын қастерлеп, есіме алып отырамын.

*Күлсін Әбіләлиева  
жұбайы*

## ЖАН ӘКЕ



Сағынышқа толы жүрегімнің парақтарын бір ақтарып алайыншы. Жан әкешім, өзінді бұл өмірде «жоқ» дегенге ешқашанда сенбеймін, сенгіміз де келмейді. Аллах – тағаладан бұйрық солай болған шығар! Қарсы қылар басқадай шарамыз да қалмады ғой!

Әркез қиналған сәттерімде өзінді ойлаймын. Қалың да терең мұңға шомылып, жанарымды жауған жастан бір аша алмаймын. Мынау жарық дүниеде бір өзіңе ешкім де тең келе алмас. Балаларыңыздың барлығын да аяққа тұрғызып, үлкен өмір – өзенінің айдынына ақ желкендей жетеледіңіз. Әкелік парызыңызды толық өтеп, камқорлық қанатының астына алып өсірдіңіз. Сондықтан да Сізге деген перзенттік алғысымыз шексіз еді.

Әкеме деген оттай ыстық сағынышымды ақ қағаздың бетіне сыйғыза алмаспын. Күндей нұрлы мейірімінді аңсағанымда өзіңнің жұп – жұмсақ алақаныңнан бір иіскегім келеді. Бүлдіршін кезімдегідей еркелеп, кеудеңе басымды қойып, құшақтағым келеді. Иісінді сағынамын, жан әкешім!

Сырласым да, ақылшым да өзің едің. Сенің өмірден өте шыққаның мен үшін әлі де көрген бір жаман түсім секілді болады да тұрады. Өйткені, әкем өлген жоқ, мәңгілік ғұмыры дастанға айналып жалғасып барады. Әкеміздің жер бетінде бағындырып үлгермеген арман асуларына, шыға алмай кеткен асқар шыңдарына артындағы ұрпақтары жетсін деймін. Періште жаныңыз пейіште шалқысын, Әкетайым!

*Ақлима Әбіләлиева Әйтенқызы*  
*Атырау қаласы*

## ЖАНАШЫР АҒАМ МӘНГІ ЕСІМДЕ



Өткен XX – ғасырдың басында қасиетті Қызылқоға жерінде өмір сүріп, жастық шағын өткерген Әбіләлі ағамыз бен Камила әжеміз отау құрғаннан кейінгі арада 11 жыл өткенде Аллаһ – Тағала олардың шаңырағына шаттық нұрын септі. Жарық дүниеге іңгәлап шекесі торсықтай ұл бала келді. Есімін азан шақырып Әйтен қойды. Уақыттан жүйрік нәрсе жоқ. Ата - әжеміздің сүйіктісіне айналған перзент ана мен әкенің ерекше мейіріміне бөленіп қана қоймай өзгеше өнегелі тәлім – тәрбиенің бесігінде тербетіліп ержетті. Кішкентай бүлдіршін шағында Ахмет атаның қасынан бір елі де қалмай еріп жүретін бала көкірегіне көп шежіреден сыр түйіп өскені анық. Мен әңгімелегелі отырған Әйтен көкемнің балдәурен кезінен маған мәлім мәліметтердің қысқаша мазмұны осындай.

Ахмет ағамыздың баласы Әбу 1939 жылы Мақат жаққа келіп, сол кезеңде ел экономикасының күре тамырына айнала бастаған мұнай кәсіпшілігіндегі жұмысқа араласады. Ғұмыр бойы малдың соңында жүре беру советтік жастарға қол еместігін жете түсінген ол ендігі ел келешегі қазыналы қара алтынмен тығыз байланысты екендігін ұғынады. Сөйтіп, қиырдағы Қызылқоғаның қырында жатқан іні – қарындастарын да алдыртып, өзі кәсіп көзін тапқан мекемеге қызметке орналастырып, білім алуларына ықпал етеді. Ал, Әйтен көкемізді геологиялық курсқа оқуға түсіреді. Бірақ, тепсе темір үзетін 20 жасқа толған жігітті әскери комиссариат Совет Армиясының қатарына шақырады да, сол мезгілден бастап оның жауынгерлік жорықты жылдары басталды. Артынша Ұлы Отан соғысының өрті де тұтанып, көкем қан майданға аттанды.

Туған жерден жырақ жүрсе де Әйтен көкем артында қалған әке – шеше, бауырлардың қамын ойлап, жанашырлық танытқан.

Ашаршылық пен репрессияны бастан өткерген, оның үстіне соғыс зобалаңы басқа түскен елдегі ағайынның жағдайы мәз емес мезгіл. Сондай қиын - қыстау кезеңде өмір сүріп жатқан бауырлардың қамын күйттеген көкеміз әскерде жүргенде хатпен бірге ақша да салып жіберген көрінеді. Бұл уақыт одан көпке дейін хат хабар келмей үй – ішінің алаңдап отырған кезі болса керек. Сол бойда ағасы: «тек сенің елге аман- есен оралғаның қажет!», - деп кері хат салды. Тума – туыстың осы тілегі қабыл болып, соғыстан 1947 жылы туған жерге есен – сау оралды. 1950 жылы Абу ағасы қайтыс болғаннан кейін Әйтен көке екі үйлі жанның бас көтерер үлкені болып қалады. Мойнына зор жауапкершілік жүгін арқалаған азамат аянбай еңбек етіп, өзінен кейінгі кіші бауырларының аяғынан тік тұрып кетуіне бар күш – жігерін жұмсап, барынша көмектесті. Мен ес біліп, етегімді жинағанымда ақ әжем ( Үштап ), Мұқаш тәтем, апам Көшенмен барлық балалар болып ортасын пешпен бөлген бір бөлмеде қара әжем (Камила), Әйтен көкем, Күлсін апай мен тәтем Бәкес, жеңгеміз Ғани және Алтын апамдармен бірге тұратын едік. Сол уақытта бойжетіп, теңін тапқан апам Алтынды той жасап, ұзатқанын ұмытқаным жоқ.

Біздер Құлсарыға қоныс аударып, алғаш рет үй салуға бел буғанда көке қатты қуанып, малын әкеп сойып, асар жасап пәтер көтерген едік. Көкем оқымаған адам болса да табиғатынан ұстамы жақсы азамат еді ғой. Енесін өзінің туған шешесіндей көріп, өмір бақи қадірлеп, сыйлап өтті. Тіпті, біздер де ол кісінің құдағи екендігін ұмытып, «мама» деп жақын тартатынбыз. Ал көке болса үлкенге құрмет көрсете білумен бірге жасы кіші бауырларына асқан жанашырлықпен қарап, «айналайын» деп маңдайымыздан сипап, әкелік те, ағалық та қамқорлығын аямаған адам. Жарық дүние сыйлаған он бір баланы өсіп – өндіріп, жақсы тәлім – тәрбие беріп, сол ұл -қыздардың рахатын көруге жазған үлкен жанұя иесі атанды... Бірде ауылдағы Мекебай шалды ерулікке шақырғаны есімде. Оған риза болған ол: «Кеше Әйтен қонақ етті. Он баласы – он түйесі бар, құдай берген адам екен», - деп көпке дейін айтып жүріпті.

Сонау балалық пен балғын жастық шағымда Әйтен көкеммен бірге тұрған кезден есте қалған елесті естеліктерді сөйлетейін. Апам Көшен темірден жаралғандай еді. Бір шаңырақ астындағы екі үйлі жанның киім – кешегін тігіп, жыртылғанын жамап отыратын-ды. Ал Күлсін апамыз болса үнемі ошақ басынан шықпай, талмай тамақ дайындаумен, қазанға бауырсақ пісіріп, тыным таппай жүргені. Қара әжемнің қатты ашуланғанда қолындағы көсеуді лақтырып жіберетіндігі де есімде қалыпты. Бірақ соған қарамастан, апамның соған бола қабақ шытқанын көрмеппін, керісінше қатты сыйлайтын еді. Ғайни жеңешемді қашанда төрт түлік малдың қасынан көретінмін. Сол ірі қара мен ұсақ жандықтың қамымен шөп шауып, жем – шөп дайындаушылармен бірге далада болатын – ды. Ақ әжем айтып отыратын - ды: «Күлсін апам жалғыз бала. Солай бола тұрса да ер балаша киініп, басына бөрік киіп, шаруа қуып жүреді», - деп мақтайды. Әулетіміздің бір кездерде егін егіп, өнімін алған сәті де болған – ды. «Шықсаң шық, шықпасаң шықпа!» деп егіс егуді бастаған Бәкес тәтем еді. Қолы құтты екен, топыраққа тастаған тұқымы бітік шыққан көрінеді. Оның ұстап қалғаны Ахмет ағаның шаңырағы да, бүгінде бақ – берекесі дарыған бақытты жанұя. Ал Мұқаш тәтем Құлсарыда тұрып жатқандықтан ағайын – туыспен, басқа да ел – жұртпен араласып, жақсы қарым – қатынаста болды.

Жалпы Әйтен көкем мен оның төңірегіндегі тума – туыс, жақын – жуықтар хақында көп нәрсе айтуға болар еді. Әттең, тек барлығы бірдей жас үлкейген сайын есте қала бермейді екен. Тек жүрегімнің терең түкпірінде жатталып қалғаны – көке қарындасқа жанашыр, бауырға қамқор, халқына қадірлі, адамгершілігі мол адам ретінде мәңгі естен кеткен емес.

*Зоя (Ақзия) Ахметова  
қарындасы.*

## ӘКЕМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК



«Суыққа ұрындырмай мәпелеген, алдымен адам бол деп жетелеген» әкесін қай-қай бала да асқар тауға теңейтіндігі анық. Жақсы әке өмірден өтсе де, ешқашан көңілден кетпейді. Қайта, керісінше, қасыннан алыстаған сайын асқар таудай тұлғасы дараланып, асқақтай түседі емес пе?! Сол сияқты мәңгілік өмірі басталған менің әкем Әйтен Әбіләліұлының жарқын бейнесі жұдырықтай перзенттік жүрегімде махаббаттың мәңгі алауына айналып, жылдар өткен сайын сағыныш сезіміне бөлеп берік орнығып келеді.

Қазақта «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген нақылды сөз бар. Ендеше, әке туралы толғанбас бұрын алдымен өзіміздің шыққан тегімізді тарқатып, тілге тиек еткенді парыз санадым. Бұл да «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, ата-бабамыздың түрін көріп, түсін танымасақ та, атақ-жөнін, яғни тамырымыздың қайдан таралатындығын біліп жүруді аманаттап кеткен әкелік тәлім-тәрбиенің жарқын жемісі.

Біздің руымыз Кіші Жүздің ішіндегі ең іргелі тайпа саналатын 12 ата Байұлының бір тақтасы Ысық деп аталады. Соның ішінде Ысықтың Жақсыбайы, Жақсыбайдан Қодаш болып таралады екенбіз. Әкеміздің бала кезден құлағымызға құйып кеткен шежіре тарқатуы бойынша бабамыз Қодаштан Жантемір, Жантемірден Бекжан, Бекжаннан Текебай, Текебайдан Әбіләлі және Ахмет аталарымыз туған екен. Одан әрмен қарай санамаласақ Әбіләлі атамыздан әкелеріміз Әйтен, Бәкес, Мұқаш болып келеді. Өз әкем Әйтеннен мен - Едіге, інілерім - Игілік, Ермек, Имаш, Есенжан, Есжан, Сәтжан, Мәтжан, Иранбек атты ұлдары бар. Бәкес ағамыздан Далан, Сылан, ал Мұқаш ағамыздан Ерсайын, Ақнияз,

Ербол таралады. Жоғарыда айтып өткен атамыз Әбіләлінің бауыры Ахметтен де ұрпақ бар. Оның баласы Әбуден Еңсеп, Еңсептен Нұрбол мен Нұржан атты ұлдар дүниеге келген.

Атамыз Әбіләлі қара шаруаның адамы болған көрінеді. Әкем Әбіләліұлы Әйтеннің кіндік қаны тамып, туып-өскен атамекені бұрынғы Гурьев (Атырау) облысының Қызылқоға ауданына қарасты Қаттыкөл деген жер. Осы жерде 1919 жылы жарық дүние есігін ашқан ол 1925 жылы алғаш рет 7 жылдық білім беретін мектеп табалдырығын аттап, оны 1933 жылы ойдағыдай бітіріп шықты. Шаруа баққан шалдың баласы өз бетімен жұмыс жасап нәпақа табуға жараған осы сәттен бастап-ақ еңбекке ерте араласты. Ол уақыт коллективтендіру, яғни, аттың жалында, түйенің қомында еркін өскен даланың дархан халқын отырықшылыққа зорлап көндіру саяси науқанының нағыз қызып тұрған шағы еді. Сондықтан әкем өз өлкесіндегі ұжымдық шаруашылықта әртүрлі қара жұмыстар атқарады. Сөйтіп жастайынан әкесіне қолқанатшы болып, отбасын асырау тірлігіне бір кісідей араласады.

1939 жылы 20 жасқа толған әкемді жергілікті әскери комиссариат Совет Армиясының қатарына шақырды. Елдегі әке-шешесімен, бауырларымен, кіндік қаны тамған қасиетті Қызылқоғасымен қош айтысып, сарбаздар сапына аттанып бара жатқан ол, әрине, «етігімен су кешкен» ұзақ та, ауыр «тар жол тайғақ кешулерге» толы үлкен сын сапардан өтерін білген жоқ. Әскерге алынған әкем, яғни, жас жауынгер Әйтен Әбіләліұлы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін Қиыр Шығыстан бір-ақ шықты. Антына адал әкем борышын абыроймен өтеп, енді елге ораламын деп жүргенде еліміздің батысынан неміс фашист басқыншылары тұтқиылдан шабуыл жасады. XX ғасырдағы адамзат тарихындағы ең қорқынышты да, зұлматты сұрапыл соғыс басталып, қасындағы қанды көйлек жолдастарымен бірге ол да кеудесін оққа төсеп, қасиетті Отанын зұлым жаудан қорғауға аттанды. Бұл-1941 жыл болатын. Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ Белоруссия майданының құрамында қан майданға кірген әкем

ұрыс даласында талай рет ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Екінші дүниежүзілік соғыстың барлық сұрапыл жылдарын бастан – аяқ өткеріп, фашизмді өз ұясында талқандады. Рейхстаг күмбезінде Ұлы Жеңіс туының желбіреген қуанышты күнін көзімен көрді. «Қырық жыл қырғында ажалды өледі» деген рас екен. Төрт жылға созылған «жан алып, жан беріскен» шайқастарды бастан өткерген әкем қардай бораған оқ пен найзағайдай атылған дұшпанның снаряды мен көктен жауған жау бомбасынан аман қалды. Соғыс аяқталғанымен де армия қатарында құрыш болаттай шындалған әкемдей жаужүрек жауынгерлер үшін әскери қызмет мерзімі бітпеген еді. Сөйтіп ол тағы да сарбаздар сапында қалдырылып, фашизмнің ойрандап, жермен-жексен етіп кеткен елдімекендері мен өндіріс орындарың, халық шаруашылығының маңызды нысандарың қайтадан қалпына келтіру жұмыстарына жұмылдырылады. Осылайша Совет Армиясында аттай 8 жыл азаматтық борышын абыроймен атқарған әкем тек 1947 жылы ғана елге аман-есен оралып, туған жерінің топырағына табан тірейді.

Қанша жауған оққа тосса кеудесін,

Сонша орден-медаль болып қадалған, - деп ақын жырлағандай, Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында көрсеткен ерлігі үшін әкеміз «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталып, «Маршал Советского Союза Жуков», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының ардагері», Ұлы Жеңістің 20,30,40 жылдық медальдарын төсіне тақты. Бұл, сөз жоқ, сегіз жыл әскер қатарында болып Отан үшін от кешкен әкемнің ерен ерлігі мен жанқиярлық еңбегі үшін берілген лайықты баға деп білемін.

Елге аман оралған әкем соғыс салған қасіреттен зардап шеккен халқын көріп қабырғасы қайысты. Сөйтіп бейбіт өмірді қалпына келтіру үшін еңбекке бел шеше араласып сол кездегі ел экономикасының күре тамырына айналған мұнай барлау саласына қызметке орналасты. Атап айтқанда, 1948 жылдың бас кезінде геологиялық барлау-іздігіру контторына жұмысқа кіріп, осы кәсіптің қыры мен сырын терең меңгеріп, саланың ыстығына